ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 14 қараша №4712-25-00-2/3894 іс Ақтау қаласы

Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.Т.Бекболатов, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен азаматтық ісін қарап,

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Маңғыстау облысының білім басқармасының Ақтау қаласы бойынша білім бөлімінің «№ 58 «Балауса» бөбекжайы» жедел басқару құқығындағы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«TGroup2020» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1) бөбекжай төбесінен су кету ақауларын жөндеп қалпына келтіру,
2) мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226, 229 – баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюы – қанағаттандырылсын.

«TGroup2020» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«TGroup2020» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі бөбекжай төбесінен су кету ақауларын жөндеп қалпына келтіру міндеттелсін.

«TGroup2020» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына 1 966 (мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік баж алымы өндірілсін.

«TGroup2020» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен Маңғыстау облысының білім басқармасының Ақтау қаласы бойынша білім бөлімінің «№ 58 «Балауса» бөбекжайы» жедел басқару құқығындағы мемлекеттік

коммуналдық қазыналық кәсіпорны пайдасына 1 966 (мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік баж алымын төлеу шығындары өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен тараптар шағым жасауы немесе прокурор өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья А.Т.Бекболатов

Құжатқа қол қойылған: Бекболатов А. Т., 14.11.2025

Заңды күшіне енген күні: 15.12.2025, судья Бекболатов А. Т., 17.12.2025

4712-25-3-1/3646